

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

5

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2017

SEPTEMBER
СЕНТЯБРЬ
ҚЫРКҮЙЕК

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абишев М.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Баймуқанов Д.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Байпақов К.М. проф., академик (Қазақстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Қазақстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Қазақстан)
Велихов Е.П. проф., РҒА академигі (Ресей)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Әзірбайжан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Қалимолдаев М.Н. проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалықов Ж.У. проф., академик (Қазақстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Қазақстан)
Таткеева Г.Г. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Умбетаев И. проф., академик (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Юлдашбаев Ю.А. проф., РҒА корр.-мүшесі (Ресей)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д. х. н., проф. академик НАН РК
М. Ж. Журинов

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абишев М.Е. проф., член-корр. (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Апель Юрген проф. (Германия)
Баймуканов Д.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Байпаков К.М. проф., академик (Казахстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Казахстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Казахстан)
Велихов Е.П. проф., академик РАН (Россия)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Азербайджан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Калимолдаев М.Н. академик (Казахстан), зам. гл. ред.
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Моход Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалыков Ж.У. проф., академик (Казахстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Казахстан)
Таткеева Г.Г. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Умбетаев И. проф., академик (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Юлдашбаев Ю.А. проф., член-корр. РАН (Россия)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M. Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d:

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abishev M.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Baimukanov D.A. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Baipakov K.M. prof., academician (Kazakhstan)
Baitullin I.O. prof., academician (Kazakhstan)
Joseph Banas, prof. (Poland)
Bersimbayev R.I. prof., academician (Kazakhstan)
Velikhov Ye.P. prof., academician of RAS (Russia)
Gashimzade F. prof., academician (Azerbaijan)
Goncharuk V.V. prof., academician (Ukraine)
Davletov A.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Dzhrbashian R.T. prof., academician (Armenia)
Kalimoldayev M.N. prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief
Laverov N.P. prof., academician of RAS (Russia)
Lupashku F. prof., corr. member. (Moldova)
Mohd Hassan Selamat, prof. (Malaysia)
Myrkhalykov Zh.U. prof., academician (Kazakhstan)
Nowak Isabella, prof. (Poland)
Ogar N.P. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyani A.S. prof., academician (Armenia)
Satubaldin S.S. prof., academician (Kazakhstan)
Tatkeyeva G.G. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Umbetayev I. prof., academician (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Yuldashbayev Y.A., prof. corresponding member of RAS (Russia)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 1991-3494

Volume 5, Number 369 (2017), 161 – 170

S. O. Smagulova, A. P. Yermukhamedova

Doctor of Historical Sciences, Associate Professor Institute of History and Ethnology
named after Ch. Ch. Valikhanov, Almaty, Kazakhstan,
Doctor of Philosophy, scientific secretary Institute of history and ethnology named after Ch. Ch. Valikhanov,
Almaty, Kazakhstan.
E-mail: adep_s68@mail.ru, ayjan@mail.ru

**THE ACTIVITIES OF U. KULUMBETOV
ON THE ELIMINATION**

Abstract. This article is devoted to the public and political activities of the statesman Uzakbay Kulumbetov during the famine of 1921-1922 and 1931-1933 in Kazakhstan. The authors based on the archival documents give an analysis of his leadership and organizational work in the fight against famine. The study highlights the results of various activities carried out by the government against famine and the spread of epidemic diseases. In the course of the study, the letters written by U. Kulumbetov to higher authorities were drawn up, which addressed the problems of supplying starving people with food, the return of refugees to their homeland and their placement.

At the same time, the authors considered issues related to the subsequent activities of Kulumbetov in fighting the famine consequences and replenishing the livestock in the republic.

Keywords: activist, fighting against famine, province, republic, refugees, agriculture, epidemic, orphanage, homeless children.

С. О. Смағұлова¹, А. П. Ермұхамедова²

¹Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары,
тарих ғылымдарының докторы,

²Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалым хатшысы, PhD докторы

**Ұ. ҚҰЛЫМБЕТОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТАРДЫ
АУЫЗДЫҚТАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ**

Түйін сөздер: қайраткер, аштықпен күрес, губерния, республика, босқындар, ауылшаруашылығы, эпидемия, үкімет, балалар үйі, панасыздар.

Аннотация. Мақала мемлекет қайраткері Ұзақбай Құлымбетовтың Қазақстандағы 1921-1922, 1931-1933 жж. ашаршылық кезеңіндегі қоғамдық-саяси қызметіне арналған. Авторлар архив құжаттары негізінде қайраткердің аштықпен күресудегі ұйымдастырушылық, басшылық қызметіне талдау жасайды. Аштық пен жұқпалы ауруға (эпидемия) қарсы күрестегі үкімет тарапынан жүргізілген түрлі іс-шаралардың нәтижесі анықталған. Ұ. Құлымбетовтың ашыққандарды азық-түлікпен қамтамасыз етудегі, босқындарды елге қайтару және оларды орналастыруға қатысты жоғарғы орындарға жазған хаттарының маңызына баға береді.

Аштық жойылған жылдардан кейін де одан қалған зардаптармен күресу, мал шаруашылығын қалпына келтірудегі қызметін саралаған.

Жиырма жылдай Қазақстан үкіметінің жоғарғы билігінде отырған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетов басшылығы Қазақстанның қиын да, аса ауыр жылдарымен тұспа-тұс келеді. Сондай кезеңдердің арасында елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағынан дамуына аса кедергісін тигізген, халықтың демографиялық өсуіне керісінше әсер еткен 1921-1922, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық. Үлкен қайғы-қасірет әкелген нәубеті ұзақ жылдар бойы халықтың жадында өшпестей болып сақталып қалды.

20-жылдың басында Ұ. Құлымбетов Ырғыздағы уездік басқарма басшысының көмекшісі, нұсқаушы-ақпараттық бөлімнің меңгерушісі, уездік революциялық тергеу комиссиясының құпия-оперативтік бөлімінің басшысы, Ырғыз уездік атқару комитеті оны қылмыстық-тергеу комиссиясының төрағасы, Ырғыздың РК(б)П аудандық комитетінің төрағасы қызметтерін атқарып, уезде кеңестік жүйенің нық орнауына бар күшін салды.

Аштық басталған 1921 жылдың мамыр айының соңында Қырғыз облыстық комитетінің шақыруымен Ақтөбе губерниясына жіберіліп, Ақтөбе губерниялық съезінде губерниялық атқару комитетіне мүше болып сайланады және Ақтөбе губерниялық камсыздандыру (губсобесом) бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. Ол 1921 жылдың 1 қаңтарынан 15 мамыры аралығына дейін АРА ұйымына кеңес өкіметінің өкілі ретінде тағайындалып, аштықты ауыздықтауға, әлсіздердің қолындадағы арық-тұрық бар малдарын күштеп тартып алған қарақшы топтарды жоюға қатысады [1]. Асханаларда азық-түліктің талан-таражға түспей, дер кезінде жеткізілуіне және тамақтандыру орындарына тек ашыққандардың тамақтандыру мәселесін тікелей қадағалап, жол берілген келенсіздіктерге іс-шара қолдануға тікелей басшылық етті.

Ұ. Құлымбетов 1922 ж. ақпанынан Ақтөбе губерниялық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалып, бұл қызметті 1923 ж. наурызына дейін алып жүрді. Өкінішке орай бұл жұмысты ол дұрыс атқара алмады. Себебі ақтар мен алашордашылардың қолында тұтқында болғаны үшін және АРА ұйымының ашыққандарға берген көмек қорын талан-таражға салды деген жаламен 1922 жылдың 17 мамырынан 1923 жылдың 11 ақпанына дейінгі аралықта Ұзақбай РКФСР Қылмыстық кодексінің 109 және 105-ші баптары бойынша айыпталып, тергеуге алынады. Тергеу барысын РКФСР Жоғарғы Соты жүргізіп, бұл іс 1923 жылдың басына дейін Орынбор қаласында қаралды. Дегенмен оған тағылған айыптардың дәлелденбеуінен 1923 жылдың ақпанында РКФСР Жоғарғы трибуналының сессиясының шешімімен ақталып шықты [2].

1921-1922 жылдағы ашаршылықты ауыздықтауда Ұзақбайдың сіңірген еңбегі зор. Ол тек Ырғыз өлкесіндегі аштық қана емес, Ақмола губерниялық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалған кезде, осы өңірдегі аштықтық сарқыншақтарымен, зардабымен күресуге кірісті. Губернияны жайлаған аштықтың әсерінен орын алып отырған азық-түлік тапшылығынан жергілікті халықтың жағдайының ауырлығын айтып 1924 жылдың 1 сәуірінде Қазақ экономикалық мәжілісі мен КСРО ХКК-сіне, Қазақ өкілеттілігіне жазған хатында Ақмола мен Атбасар уездерінде астықтың шықпауынан, азық-түліктің жетіспеушілігінен тұрғылықты халықтың ашығып отырғандығын ашық келтірді. Аталған екі уездегі 387 000 десятина егістіктің 105 000 десятинасына астық шықпай қалғандығын, яғни 30 % егіс алқабының өнімсіз болып, халыққа қажетті 1 159 000 пұт астықтың орнына алынған 401 000 пұттың Атбасар уезіндегі отырықшы - 60 714, көшпелі - 58 026 адамына, Ақмола уезіндегі отырықшы - 107 321, көшпелі - 95342 адамға мүлдем жеткіліксіз екендігін жаза отырып, бұл екі уездің халықтары тек мал етімен ғана күн көріп отырғандығын көрсетті. 1924 жылдағы мәлімет бойынша Ақмола уезінде 14 000 адам ашығып, 80-дей адам өлген. Балалар өлімінің өрлеп тұрғандығы, уездік комитеттер қаражаттың жоқтығынан ашыққандарға көмек бере алмай отырғандығын ашына айта отырып, осы мәселе бойынша Москваға арнайы делегация жіберілетінін мәлімдеген [3].

15 сәуірде КСРО Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесіне (ХКК) жіберген келесі жеделхатында Ұ. Құлымбетов губернияның Ақмола қаласында - 995 ересек, 1821 бала, уезде - 4190 ересек, 9025 бала, барлығын қосқанда 16031 адамның (5185 ересек, 10846 бала) ашығып отырғандығын, ал Атбасар уезінде ашыққан 15038 адамың 9199-ересектер болып, 5839-ы балалар екендігі жөнінде мәлімет келтіреді. Ол осы Атбасар уезінде ашыққандардың ұлттық құрамына қарай 4871-қазақ, 4328-і орыс, 2533- қазақ балалары, 3306-ы орыс балалары екендігін бөліп көрсете келе, егіс компаниясы жұмысының соңына дейін ашыққандардың санының көбейе түсетінін ескерте келе, тез арада үкімет тарапынан көмек беруді көтерді. Осындай жеделхат ХКК-нің төрағасы С. Сейфуллинге тиісімен ол 24 сәуірде Ұзақбай Желдірбайұлын тез арада нақты ашыққандар жайындағы мәліметтерімен Орынборға келуін талап еткен [4].

Ұзақбай Құлымбетов Ақмола губерниясындағы аштықтың салдарын ауыздықтауға осылайша күш салып, қаржылай, астықтай көмек алуға, сөйтіп, ажал тырнағынан мыңдаған адамдардың аман қалуына себепші болды. Ол сонымен қатар аштық кезінде орын алған тонаушылық, мал ұрлығына қарсы да күрес жүргізіп, барлық тәртіпсіздіктерге тойтарыс беруге бар күшті жұмылдырды [5].

1927 жылы Қазақстанда жұт нышандары біліне бастаған сәтте онымен күрес жүргізуге қатысты құрылған комиссияның төрағалығы осы Ұзақбай Желдірбайұлына тапсырылды. Құрамында Сұлтанғалиев, Мырзағалиев, Кенжин, Балғаев, Османов сияқты партия қызметкерлері бар комиссияның алдында жұттың шығу себептерін анықтау және ауыздықтау мәселесінде басшылық жасау тұрды [6].

Елді жайлаған қуаңшылықпен күрес жүргізуде ақшалай қаржы бөліп, ауылшаруашылығына аса қажетті өнімдермен қамтамасыз етілді. Мал шаруашылығын көтеруге несие берілді. Әрине, жұтты тудырған құрғақшылықтан мал шөпсіз, егіс өнімсіз қалды. Ұзақбай Құлымбетов осындай ауыр жағдай туындаған кезде елден шетке астық, жем-шөптің шығып кетпеуін қатаң қадағалауды талап етті. 10 қарашадағы Темір жол тасмалдау Бас басқармасына жіберген хатында қуаңшылыққа байланысты осы жолмен Қазақстаннан астық пен жем-шөпті тасмалдауға тыйым салғандығын ескертті [7].

1927 жылдың қысы Адай уезіне аса қиын тиді. Жаздағы қуаңшылықтан, жем-шөпсіз қалуы, оның үстіне үздіксіз боранның соғуы уезде малдың қырылуына алып келді. Қолындағы барлық малынан айырылған шаруаларды аштық жайлады. Ұ. Құлымбетов Дағыстан республикасынан көмек сұрады [8]. Сол кезде Дағыстан да осындай қиыншылықты бастан өткізіп жатқан еді.

30-жылдардың басында Қазақстанда отырықшыландыру мәселесі қолға алынған сәтте Ұ. Құлымбетов Қазақ КСР Халық Шаруашылық Кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалған еді. Бұл кезде қызметі ауыл шаруашылығын колхоздастыру, сонымен қатар аштықтық нәубеті, осыған орай туындаған түрлі тәртіпсіздік, бандиттік шабуылдың өрістеп тұрған болатын. 1930 жылдың 14 тамызында қайта құрылған отырықшыландыру комитетінің құрамына енгізілді [9].

1931 жылы аштық басталған кезде өлкелік комитет аштық белең бере бастаған аудандарға арнайы уәкілдерін жіберіп, сол өңірдегі жағдайды бақылап, қиыншылық туындаған жерлерде жергілікті басшылықпен барлығын қалпына келтіруге көмек көрсету мәселесін көтерді. Ұ. Құлымбетовтың тікелей басшылығымен әр облыстардың аудандарына уәкілдер жіберіліп, ондағы жағдай жайында ақпар алынып отырылды.

Ұзақбайдың өзі Маңғыстау ауданында бой алған бандитшілдікті жоюда құрылған үкіметтік комиссия төрағасы ретінде Каспий теңізі маңында кеңестік тәртіпті орнату, бандиттерді жоюға басшылық жасауға жіберілді. 20 тамызда Форт-Александровск қаласынан мал дайындау мәселесі бойынша Мемлекеттік саяси басқарманың (ГПУ) тікелей сымы арқылы Ф.Голощекинге, Мемлекеттік саяси басқарманың өкілетті өкілі (ППГПУ) Данилевскийге сөйлескен сөзінде аштық туралы сөз болмаса да кедейленген тұрғылықты халықтың үдере көшуінен, жоспарланған салықты жинауда қиыншылықтардың орын алып отырғандығын айтады [10].

Комиссия сол өңірдің тәртіпсіздіктерді ауыздықтады. Сонымен қатар біріншіден, ауылды жерлерде ауыл шараларына тиісті берілетін ақшаны жымқырған аудандық партия және кеңес басшыларын анықтап, олардың үстінен қылмыстық іс қозғаса, екіншіден, үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстарын жүргізе отырып, бүлік шығарған басшыларын қолға түсірді [11].

Аштық үдей түскеніне қарамастан, халықтың жаппай ауыл-ауылды кезіп, талғауға тамақ іздеп босқанын көре, біле тұра үкімет қаражатпен, азық-түлікпен көмек көрсетудің орнына жоғарғы билік аудандық комитет басындағыларға салықтың мөлшерін көбейтуді, олардың көрсетілген мерзімінде жинап өткізуді талап етті. Тентіреп кеткен ауыл тұрғындарын қайтаруға дәрмені болмаған аудан басшылары қағаз жүзінде жалған мәлімет беру арқылы, тарап кеткен ауылдардың есебін өз күнін көре алмай отырған ауылдардан алмаққа талпынды.

Аштықтың зардабынан мал басының кемуі ауылшаруашылығын көтеруге үлкен зиянын тигізді. Қазақстанға басқа өңірден мал сатып алу арқылы малшаруашылығын қайта көтеру қажеттігін Ұзақбай Желдірбайұлы түсінді. КСРО Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы В.М. Молотовқа жазған хатында осы мәселені төтеден қойып, Батыс Қытайдан мал басын сатып алуды ұсынды. Мал сататын қытай көпестерін тарту үшін Қазақстанның екі жерінде, Шыңжан провинциясына жақын Қазақстан шекарасында екі ірі жәрмеңке орнын ашу қажеттігін көтерді. Оның бірі Алматы облысының Кеген ауданына қарасты Қарқарада да, екіншісі Шығыс Қазақстан жеріндегі Зайсанда. Бұл ашылатын жәрмеңкеге қытай саудагерлерінің емін-еркін сауда жүргізуіне барлық жеңілдіктерді жасаудың маңыздылығын да атай отырып, кезінде Қытайға өтіп кеткен малдарды қайтаруға

бар мүмкіншіліктің барлығын көрсетті. Қайраткердің есебінше, малмен сауда тауар айырбастау арқылы, яғни қант, кондитерлік өнім және тағы басқа тұрмысқа қажетті заттармен жүргізілуіне тиіс.

Осы жәрмеңкеден түскен малдар колхозшыларға, жеке шаруашылық жүргізушілерге, кедей шаруаларға заттай несие түрінде беріліп, 2-4 жылдың ішінде өніммен қайтарылуға тиістелінді.

Ұ. Құлымбетов осылайша аз уақыттың ішінде қайтадан мал басын қалпына келтіруге әбден болады деп сенді және Зайсан мен Қарқарадағы жәрмеңкеге мал айырбасына қажетті заттарды алу үшін арнайы тауар қорын құрып, оған үкіметтен 5,5 млн. ақша бөлінуін сұрады [12]. Қайраткердің бұл ұсынысы әрине, ашаршылық кезінде 40 млн.-нан 4 млн. басқа түсіп қалған мал басын қайта қалпына келтірудің амалы болатын. Мал басының азайып, елде аштықтың жайылуы сол кездің өзінде ұлт қайраткерлерін қатты алаңдатып, жоғары орындарына хат жолдап, тез арада шара қолдануын талап еткендері тарихта белгілі. Өкініштісі сол, бұл мәселеге өкімет орны көз жұма қарады.

1931 жылдың 22 қазанында болған қазақ өлкелік комитетінің бюросы Ұ. Құлымбетовтың баяндамасы негізінде Республиканың астық шықпай қалған аудандарында жүзеге асыру жоспарын төмендетті [13]. Осы күні Ұзақбай Желдірбайұлы КСРО Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы В. Молотовқа хат жолдап, елдегі жағдайды толық баяндап, ауылшаруашылық салығын. Сақтандыру төлемдерін азайтуды өтінді. Хатта көрсетілгендей, Қазақстанның 45 ауданында астық дақылдары 63,9 пайызға, бау-бақша өнімдері 49,0 пайызға, мал басы 53,0 пайызға төмендеп кеткен. Көпшілік аудандарда үшінші жыл астық өнім бермей отырғандығын, шаруашылық 12 пайызға, ал тұрғылықты халық 15 пайызға қысқарғандығын да атап өтіп, колхоздарды қалпына келтіруде материалдық, техникалық күш, тіпті азық-түліктей көмек беруін сұрады [14].

Ол жұқпалы аурумен күресуде де тез арада іс-шараларды жүзеге асырудың маңыздылығын 1932 жылы 14 ақпанда жабық түрде өткен ХКК-нің кеңесінде ашық айтты. Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Ақтөбе облыстарында жұпалы аурулар меңдеп бара жатқандығы айтылып, осы ауру ошақтарын жоюға қатысты төтенше комиссия құрылып, төрағалығына Ұ. Құлымбетов, ал мүшелігіне Каруцкий мен Асфендияров сайланды. Бұл комиссияның алдына барлық аудандардағы колхоздарда, өндіріс орындары мен совхоздарда қоғамдық-санитарлық инспекторлар, санитарлық комиссияларын, денсаулық ұйымдарын құру, колхоз, өндіріс орындары мен совхоз директорларына арнайы санитарлық жағдайды бақылайтын өкіл тағайындап, оларға жұқпалы ауру ошақтарын жоюға басшылық етуді тапсыру жүктелінді. Шілде, тамыз айларында Қарағанды, Семей, Балқаштағы өнеркәсіп орындарында жұқпалы аурулардың таралмауын қадағалау міндеттелінді. Әсіресе Шығыс Қазақстан облысының атқару комитетінің төрағасы Сырғабеков пен облыстағы халық денсаулық сақтау комитетінің төраға орынбасары Козловқа бескүндік мерзім ішінде жұқпалы ауруды жоюға қажетті қаражаттық жағдай жайында есеп беру, бөртпе сүзектік ауруларды бөлек ұстайтын арнайы орындарды даярлау барысы тапсырылды.

Семей өңіріне қарай босқандарға, қаладан 8 км. жерде эвако-пункт ашып, соған орналастыру, техникум, кәсіптік мектептерде оқитын студенттерден, жұмысшылар мен кәсіподақ белсенділерінен эпидемия кезінде санитарлы милиция құрып, жұқпалы ауру тараған жерлерге жіберу, сонымен қатар ауруларды моншаға түсіріп, дезинфекция (уытсыздандыру) жасайтын арнайы камералардан өткізу мәселесін көтерді.

Жұмысшылар көп шоғырланған өнеркәсіп, терстерде, колхоз, совхоздарда моншалар салу, босқындар көп шоғырланатын теміржол бойында, нақтылай айтқанда 15 қыркүйекке дейін Түрксіб, Омбы теміржол басшылығының қадағалауымен Петропавл, Семей, Алматы станциясында оқшауланған өткізу пункттерін салдырту, өнеркәсіп орындары мен совхоздарға жұмысшы күшін моншаға түсіріп, шашын алып, іш сүзегіне, шешекке қарсы екеннен кейін ғана қабылданатын болды. Сонымен қатар жоғары оқу орындары, техникумда оқитындарға да екпе салу да қолға алынатын болды.

Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Ақтөбе облыстық атқару комитеттері жұқпалы ауру жайлаған аудандардың тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ете отырып, осы облыстардағы өндіріс орындарына жұқпалы аурумен күрес жүргізу үшін арнайы өкіл жіберу, ауру жайлаған аудандарға медицина мамандарын, дәргерлерді жіберу көзделінді [15].

Қайраткер жұқпалы аурумен күресте облыстарға жеделхат жіберіп, тез арада медициналық бригадалар құрғызды. Мәселен, Шығыс қазақстан облысының Шемонайха, Ертіс, Горьковский

аудандарына медбригадалар жіберіліп, халықты санитарлық ұйтсыздандырудан өткізді. Ауруларды анықтап, оқшауланған орындарға жатқызып, дәргерлік көмек жүргізді.

Ол 1932 жылдың 26 желтоқсанында РКФСР Жер ісі халық комиссариатынан және қазақ өкілеттілігіне жеделхат жөнелтіп, жұқпалы ауру жайлаған Семей, Ақтөбе, Алматы облыстарына Пржекрыла, Филимонов, Кленяев сияқты эпидемиолог дәргерлерді жіберуін өтінді [16].

Ал 31 желтоқсанда ККСР жер ісі халық комиссары С. Асфендияров екеуі РКФСР Жер ісі халық комиссариаты мен Халық Комиасарлар Кеңесіне Қазақстанның бірталай облыстарына жұқпалы аурулардың тарауына орай тез арада эпидемиологтар мен санитарлық дәргерлерді жіберуді өтінген хат жолдады.

Олардың себебінше бөртпе сүзегімен осы жылдың қазанында 813 адам, қараша айында 1482 адам ауырған. Жұқпалы ауру тараған облыстардың ішінде Шығыс Қазақстанда желтоқсанның алғашқы аптасында бөртпе сүзегімен ауырған 556 адам тіркелсе, Қарағанды облысында 246 жұқпалы аурумен ауырған. Алматыда – 8, ал Ақтөбенің оңтүстік бөлігіндегі Ақтөбе, Жетіғара, Федоровка аудандарында сүзек ауыруының ошақтары пайда болып, 33 адам осы ауыруды жұқтырған екен. Сонымен қатар Шығыс Қазақстанның Риддер, Семей, Өскемен, Павлодар қалаларында, Қарағанды облысының Қарағанды, Петропавл, Степняк қалаларында да сүзек ошақтары пайда болған. Мәселен, Риддер қаласында бөртпе сүзегімен қараша айында 123 адам ауырса, ал желтоқсанның он күндігінде ауырғандардың саны 265-ке жеткен.

Қарағанды облысында қараша айының үшінші аптасында жұқпалы аурумен ауырған 104 адам, желтоқсанның он күнінде сүзек жұқтыртып ауырған 246 адам тіркелген.

Екі қайраткер де жұқпалы аурудың бүкіл республикаға жайылуынан қауіптенді. Аурумен күрес жүргізу үшін тез арада тәжірибелі 10 эпидемиологтар мен 10 санитарлық дәргерлерді және 10 жұқпалы ауруға қарсы күресті ұйымдастырушыларды жіберуді, аурулар шыққан өңірге баратын, ауыр науқастарды ауруханаға тасмалдайтын 6 автомашина бөлуді өтінді. Ауруханларда төсек-орынның, ақ жайманың, эпидемиялық отрядтардың қызметкерлеріне қажетті арнайы кимдердің жоқтығын да айтып, осы жетіспейтін заттарды бөлгізуді талап етті. Мәселен, ақ жаймадан 60 000 метр, жұқпалы ауруларды зарарсыздандыратын 19 000 000 доза дәрісін, эпидемиолог қызметкерлер мен эпидотряд мүшелеріне қажетті 1 500 киім жабдығын, сонымен қатар, ауруларды тасмалдайтын 350 жылқы мен 2000-дай ұсақ жануарлар 200 тонна сұлы, 400 тонна шөппен қамтамасыз ету жағын да сұрады. Жұқпалы ауруға қарсы ең басты, қажетті қаражат мәселесі де айтылып, 1933 жылдың 1 тоқсанына 2 298 650 сом ақша көлемінде қаржылай бөлуді өтінді [17].

Ашыққан облыстардағы аудандарға астықтай көмек көрсету мәселесі жиі болмаса да жүргізіліп тұрды. Мәселен, Оңтүстік Қазақстандағы аштық жайлаған Қызылорда ауданының 1000 шаруашылығына, Қармақшы ауданының 500 шаруашылығына, Қарсақпай ауданының 700 шаруашылығына, Қызылқұмдағы 500 шаруашылыққа, Таластағы 600 шаруашылыққа, Созақтың 600 шаруашылығына, Қазалының 1000 шаруашылығына, барлығы 4900 шаруашылыққа бидай үлестірілген. Әрбір аштыққан адамға қажетті 4 кг. бидай мөлшері белгіленіп, 1932 жылдың желтоқсаны, 1933 жылдың қаңтары мен ақпан айына 98 тоннадан азық-түлік беру міселесі жоспарланған. Сонымен бірге бір реттік көмек ретінде Әулиеата ауданына 500 пұт, Мерекке 78 пұт, Жаңақорғанға 500 пұт, Қармақшы ауданына 500 пұт азық берілді. Дегенмен, бұл өңірдегі кейбір аудандарға толықтай жоспарланған азық жетпеді. Бұған үкімет орынының қабылдаған бұйрығының аз уақыттан кейін жоюы себепші болды. Шымкент қаласынан Ұ. Құлымбетовке 1933 ж. 9 қаңтарында Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы Атырауовтан осы мәселені қолға алып, бір қалыпқа келтіруді жөнінде жеделхат келген [18].

Ұзақбай Желдірбайұлының басшылығымен Оңтүстік Қазақстанға 1932 жылдың 4 тоқсанына дейін 15 мың пұт нан, 5 желтоқсанда қосымша 7500 пұт пен бір рет беретін 2000 пұт астық бергізілді. Ал 1933 жылдың 2 ақпанына дейін 5 мың шаруашылыққа 16250 пұт азық-түлік көмегі бөлгіздіртті. Өлкелік қаржыдан осы өңірде босып жүргендерге жылы киім таратылды.

Ұ. Құлымбетов аш босқындар шоғырланып қалған жерлерге азық-түліктей көмек көрсетуді қолға алды. Әулиеата аудандық партия комитетінің басшысы Жаңбыршинге Сарысу мен Әулиеата аудандарына деп бөлінген келген азық-түліктен Сарысу мен Жаңаөрккеннен босып келген аштарға 3 мың пұтын тез арада беру жөнінде нұқсау беріп, бөлдіртті [19].

Оңтүстік Қазақстан облысына бөлінген қаржылай және азық-түліктей жіберілген көмектің қалай жұмсалып жатқандығын бақылауға алды. Себебі, Қармақшы ауданына бөлінген көмек ашыққандарға жетпей, бұл мәселеге аудандық атқару комитеті көз жұма қараған еді [20].

Аштықтан үдере көшкен, өлгендердің арасында балалардың тағдыры аса аянышты еді. Ұ. Құлымбетов Оңтүстік Қазақстан облысы аудандарындағы қаңғыбас балаларды балалар үйіне орналастыруды бақылауға алып, 1932 жылдың қараша-желтоқсан айында олардың тамағы мен киім-кешегіне 230000 сом ақша бергізді [21]. Ол Л. Мирзоянның бұйрығымен Әулиеатаға жіберіліп, балалар үйлерінің жағдайын тексеру және оларға қажетті көмек ұйымдастыруды қолға алды [22]. Қарағанды облысы Балқаш ауданындағы балалар үйінің ауыр жағдайын қалпына келтіруді тікелей өз бақылауына алды [23]. Үй-күйсіз, ата-анасыз қалған 13 жастан жоғары кезбе балаларды түрлі оқу орындарына, оның ішінде кәсіптік оқу орындарына алып, тәрбиелеуді жөнге салды [24].

1933 жылдың қаңтарында тамақ іздеп отырған жерін тастап, ауыл-ауылды аралаушылардың арасы көбейе түсті. 1933 жылғы 16 қаңтардағы ҚСРО ОГПУ ПП Ұ. Құлымбетовке жіберген арнайы мәлімдемесінде Түркістан ауданына Қарсақпайдан, Сарысу мен Созақ аудандарынан аштардың легі ағылған. Тіпті бір топ аш-жалаңаштар Ащысай кенішіндегі жұмысшылар мен қызметкерлерінің пәтерлеріне басып кіріп, тонаған. Мәлімет бойынша олар 1932 жылдың 14 желтоқсанында Балтакөл колхозының №20, 21 және 22 ауылдарынан 38 шаруашылық теміржол станциясына келіп, екі вагонды сатып алып, жүктерін тиеп Орта Азияға кетпекке талпынған. Бірақ үдере көшпек болғандар уақытында тоқтатылған. Көшпек болғандар ауылкеңесінен барлық бағытта дүние мүлкімен, малымен көше алатындығы жөнінде анықтама алып алған. Тексеру барысында шаруалардың үдере көшуіне тәркіленіп, жер аударылған бай Рүстемовтың інісі, колхоздың мүшесі болып отырған бауыры бастамашы болған. Колхоздың жақсы жылқыларын сатып жіберіп, одан түскен 3000 сом ақшаны ауылдың белсенділері Әліш Нұматов, Бөре Исмағұловпен бөліскен.

Ұ. Құлымбетов бұл мәлімдемеге бұрыштама қойып, көшкендерді қайтадан өз жерлеріне қайтарып, көктемдегі егіс жұмысына тарту мәселесін Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетіне тапсырды [25]. 16 қаңтар күні Ұ. Құлымбетовтың төрағалығымен қазақ шаруашылығын отырықшыландыру комиссиясы құрылды [26]. Аудан, ауылдарға арнайы үгіт-насихатшыларды жіберіп, қайтадан ауыл шаруашылығын қалпына келтіруге шақыру, егіс алқабындағы жұмыстарға, малға жем-шөп даярлауда бас-көз болуды талап етті [27].

Үдере көшкендерді қайтадан өз аудандарына қайтаруда қыруар іс-шараларды қолға алуға тура келді. Өз жеріне қайтып оралғандарға ақшалай көмек көрсетуді де қолға алды. Қырғызстанға кеткен босқын қазақтарды қайтарып, Алматы мен Оңтүстік Қазақстан облыстарына орналас-тыруды Халық Комиссарлар кеңесінің өкілдері Құрманғалиев пен Избановқа жүктеп, осы кеңестің қосымша қорынан 25 мың сом ақша бөлгізді [28].

19 қаңтарда ХКК-нің өкілі О. Жандосовтан Қазақ өлкелік комитетіне Голлюдовқа және ХКК-сі төрағасының орынбасары Ұ. Құлымбетовке құпия түрде Шу ауданы арқылы Қырғыз жеріне жаңа-арқалықтардың босып бара жатқандығын айтып дабыл қақты. Әулиеата, Шу аудандарының Қазақстанның ішкі аймақтарына қарай көшкен шаруашылықтар жайында да мәліметтер келтірді. Балқаш пен Аягөзге қарай бет алғандардың барлығына да тоқталды. Сарысу ауданындағы 7000 шаруашылықтан 500-600 ғана шаруашылық қалып, басымы Ақмола бағытына бет алған. Осы Сарысудан шыққан босқындар Созақ-Шаян-Арыс және Созақ-Түркістан бағытымен кетсе, негізгі көш Үшарал-тала-Әулиеата бағытымен жүрген. Әулиеатадан Кетпентөбе арқылы Жалал-Абадқа, ал теміржолмен Сталинабад пен Китабқа қарай жөнелген. Қазақ босқындарының көбі Тәжік-стандағы Китабқа қарай шұбырған.

Әулиеатадан шыққан 500-дей сарысулық отбасы қырғыздардың Рыков және Талас аудандарына жеткен. Рыков аудандық атқару комитетінің хатшысының айтуынша, бұл ауданда жергілікті қырғыздардан гөрі, босқын қазақтардың саны басым түскен. Ауып келген аш қазақтарға аудандық комитет қолдарында бар көмегін көрсетуге тырысқан. Жетім қалған қазақ балаларына арналған 100 орындық балалар үйін, аштарды тамақтандыратын арнайы пункттер ашып, басқа да көмек түрлерін ұйымдастырған.

О. Жандосов Әулиеата қаласындағы жағдайға аса назар аударудың қажеттігін көтерді. Себебі, аштықтан көшеде өлгендердің саны күннен күнге көбейе түскен. Мәселен 5-6 қаңтарда қалада 84 адам аштықтан, суықтан өлген. Олардың ішіндегі 20 бала базардағы шайхананың маңында қатып қалған. Қалада күнделікті өлгендерді жинау әдетке айналған. Тіпті ашыққандардың арасында өз балаларын өзенге лақтырып жіберген жағдай да орын алған. Осындай электростанцияның қасындағы суға тасталған бір бала құтқарылып, қалалық ауруханаға жіберілген.

Қайыршылардың қатары көбейіп, топ болып базарда тамақ сатқан саудагерлерге шабуыл жасаған. Оның үстіне шешек пен бөртпе сүзекпен ауырғандардың да қарасы молайған. Базардағы бір пұт жүгерінің бағасы 100-120 сомға дейін көтерілген [29].

О. Жандосов осы жағдайды біле және көре отырып, Алматыда БК(б)П аудандық комитетінде болып бұл мәселеге қатысты бірнеше шараны қарауға қатысты. Үдере көшу ісі бойынша арнайы оперативтік үштік құру мәселесі қозғалды. Ол 9 қаңтар күні шаруашылық мәселесіне байланысты болған мәжіліске де, 11 мен 12 қаңтарда босқан қазақтарға қатысты тез арада көмек ұйымдастыру мәселесі қарастырылған кезде де Ораз Жандосов өз ойын білдірген [30].

О. Жандосов Оңтүстік Қазақстан аудандарынан босқан қазақтарға көмек беруге қатысты бірнеше ұсыныс білдіріп, босқындарға көп мөлшерде астықтай көмек беру, отырықшыландыруға қатысты несие беру, көмек беру қорларын ашу қажеттігін көтерді [31].

Ораз Қықымұлы Голуодов пен Ұ. Құлымбетовке жазған құпия екінші хатында (23 қаңтар) Оңтүстік Қазақстанның Талас ауданындағы босқындардың хал-жайын егжей-тегжей хабарлаған. Талас ауданының орталығы Ойыққа қарайғы жолда 5-6 өлген адамдардың мәйіті жатқандығын, Қырғызстанға немесе Әулиеатаға топ болып босқан қазақтар кері қарай 2-3 адам болып әзер қайтып келе жатқандығын мысалмен келтірді. Ойыққа қарай келе жатқандардың арасында 14-15 жасар баланы көргендігін, ата-анасы қырғыз жерінде өліп, кішкентай інісі мен қарындасы сол жақта қалып қойғандығын жаза келе, Талас ауданында көбіне үдере көшу астық пен мал шаруашылығымен айналысатын ауылдарда орын алғандығын санмен келтіреді. Оның көрсетуінше, 1932 ж. 15 ақпанынан 1933 ж. 15 қаңтары аралығына дейін Талас ауданынан 2242 шаруашылық көшіп, осы шаруашылықтағы 3770 жылқыдан 1353, ал 2118 түйеден 151-і ғана қалған.

Ол ел арасында иттің, есектің жеу фактісінің барлығын жасырмады. Сонымен қатар жұқпалы аурумен ауырғандардың қатарының көбейіп бара жатқандығын да нақтылап өтіп, тез арада көмек көрсету, дәргерлік жәрдем беру қажеттігін көтерді [32].

Бір айта кететін жайт, Ораз Жандосов 1933 жылы сәуір-мамыр айларында Әулиеатаның Сарысу ауданына уәкіл болып барып, аштыққа ұшыраған халықтың жантүршігерлік жағдайына қатысты Қазақ өлелік партия комитетінің жауапты хатшысы Ф.И. Голощекинге хат жазып, ауылдағы жағдайды былайша баяндайды: «Ауылдарды аралаған кезімде, мен ондаған күндер бойы жерленбеген мәйіттерді кездестірдім. Бұл жағынан, тірі қалған әйелдер мен жас балаларға ешкім көмек көрсетпейді. Таңданарлықтай болса да, әйелдер жоқшылық пен аштыққа төзімділеу. Еркектердің бірден ұнжырғалары түсіп кетеді. Күйзелгендер қолдарына не түссе де түк қалдырмай жеп қояды. Сүйек-саяқты жинайды және жүрек жалғау үшін ондаған мәрте қайнатады. Тамақ орнына жартылай өңделген аң терілері де кете береді. Мен иттің етін жеген және онысын жасырмайтын бірнеше адамдарды кездестірдім. Оныншы ауылдан келе жатқан жолымда әлсіз жапаннан екі жасөспірімді көрдім. Олар қайдағы бір ескі жұрттағы, терісін алу үшін атылған иттердің қалған өлімтіктеріне бара жатыр екен. №5 ауылда тамақтанбаудан жартылай ісінген, аяңы ауыр әйел маған жақын келіп, оған ит атып беруді өтінді». О. Жандосовтың бұл хаты Қазақ өлкелік комитеті бюросының 1933 ж. 3 мамырында қаралып, нақты шешім таппай, Халық комиссарлар кеңесіне итерілді [33, 142-143-пп.].

Ұ. Құлымбетовті елдегі аштық қатты жайлаған аудандардың жағдайын саралап, көмек ұйымдастыру үшін уәкілдер жіберіп, қажетті қаражат мөлшерін анықтатты. Мерке, Куговой, Әулиеатаға іссапарға жіберілген уәкілдер босқындарды қайтару мен оларды орналастыру мәселесінде жіберілген кемшілікті оған мәлімдеп отырды. Мәселен, уәкіл Семенов 29 қаңтарда жіберген мәлімдемесінде босып кеткен қазақтардың өз жеріне жете алмай жолда жан тапсыратындығын, Луговой станциясына дейін 4-5 күннің ішінде 23 адамның қайтыс болғанын хабарлаған. Дегенмен бар күштерін салып, ашыққандарды 10 күнге жетерлік азықпен қамтамасыз еткен [34].

Луговой поселкесінде тағы да қаңғып кеткен 100-150 балаларды орналастыратын ғимарат дайындалған. Алайда балаларды орналастыруда кемшіліктерді орын алған. Құрамында Семенов,

Казновский және Наватов сияқты мүшелері бар комиссия Әулиеата қаласындағы балалар үйлер мен азықтанатын пункттерді тексеру барысында 400 баласы бар балалар үйіндегі 5 бөлмеге 60-80 балаға дейін орналастырылғандығын, бөлмелердің ластығы, ешқандай да санитарлық тазалық жүргізілмегендігін, балаларға арналған жуынғаш құралының жоқтығын және олардың төсеніші жоқ еденде жататынын анықтаған. Сонымен бірге балаларға дәргерлік көмек көрсетілмеген, тойып тамақ шіпегендіктен және аурудан күніне 3-7 бала өліп отырған. Олардың арасында қатты ауырып жатқан 50 бала жекеленбей, басқа балалармен бірге ұсталған. Ең сорақысы балаларға ыстық тамақ пен шәй берілмей, тек 250 грамм нанды қайнамаған суық сумен немесе қармен жеген.

Комиссия сау балалардың аурулармен бірге жататындығын да, тіпті өлгендердің мүрдесі алынбай бірнеше күн жатып қалатындығын да анықтаған.

Әулиеатадағы екінші балалар үйінің жағдайы да тура осындай болғандықтан комиссия тез арада біріншіден, балалардың барлығын дәрірлік тексерістен өткізу, екіншіден, ауру балаларды бөліп алып, арнайы бөлмеге орналастырып, ем-дом жасау, үшіншіден, өлгендердің мүрдесін зиратқа жерлету, төртіншіден балаларға ыстық тамақ ұйымдастыруды маңыздылығын көтерді [35]. Осындай қиын жағдайдан шығу үшін Ұ. Құлымбетов ашыққандарға қаржылай көмек көрсетуге 420 мың сом ақша бөлгізді. Оның 100 мыңы Алматы облысына, 80 мыңы Оңтүстік Қазақстан облысына, 60 мыңы Қарағанды облысына, 80 мыңы Ақтөбе облысына, 80 мыңы Шығыс Қазақстанға, ал 20 мыңы Батыс Қазақстанға жіберілді [36]. Әр облыстың аудан хатшыларына азық іздеп босқан аштарды қумай қабылдап, қолда бар көмектерін беруді міндеттеді. ХКК-нің бір мәжілісінде Орта-Волга өлкесіндегі Елек селосындағы балалар үйіндегі босқын қазақ балаларына жылы киім алуға 25000 сом ақша бөлгізді [37]. Босқындарға қысым көрсетіп жатқан кейбір аудан басшыларына жеделхат жолдап, мұндай әрекеттерді тоқтатуды талап етті.

Аштықтан кейінгі жағдайды қалпына келтіруге де бар күш-жігерін салды. Босып кеткендерді қайтару, оларды орналастыру мәселесін де қолға алып, Өзбекстан, Повольже, Қарақалпақстан, КСРО-ның еуроалық бөлігіне кәмпескелеу, аштық тұсында көшіп кеткен қазақтарды қайтару амалына кірісті. Негізінде босқын-қазақтарды қайтару аграрном-зоотехник Малай Юнусовтың оған жазған хатынан кейін жанданған сияқты. Себебі 1937 жылдың 15 сәуірінде М. Юнусов Жәнібек және Талов ауданынан 500-дей шаруашылықтың Повольжеге қарай босып көшіп кеткендігін мәлімдей отырып, соларды қайтару жұмысын қолға алса деген өтініш білдірген еді [38].

21 сәуірдегі Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Л. Мирзоянға жазған хатында Ұзақбай Құлымбетов Орталық атқару комитетіне 1930-1933 жылы қазақ жерінен босып барып Өзбекстан, Қарақалпақтан, Сібірден және Москва, Воронеж, Куйбышев, Саратов сияқты қалаларға орныққан қазақтардың туған жерлеріне қайтып оралғысы келетіндіктері жайында, сонымен қатар қайтып оралу үшін қаржылай көмек көрсетуін өтінген хаттар мен жеделхаттардың көптеп келетіндігін келтіре отырып, осы мәселені қазақ өлкелік комитет бюросында қарап, бұл бағытта қандай жұмыс жүргізу қажеттігіне нұсқау беруін сұрады [39].

Қазақ өлкелік комитетінің 29 сәуірде өткен бюросында босып көшіп кеткендерді қайтару жайында Л. Мирзоян мен Ұ. Құлымбетов баяндама жасап, соның негізінде 500 мың сом көлемінде ақша бөлу және қайтып оралғандарды орналастыру жөнінде қаулы қабылданды. Сонымен қатар 15 маусымға дейін оларды колхоздарға орналастырып, үймен қамтамасыз ету тапсырылды [40].

Бұрынғы мектендеріне қайтып оралғандардың аяғынан тұрып кетуі үшін үкімет қорынан азық-түлік, киім-кешек, шаруашылыққа қажетті заттармен қамтамасыз етуді қолға алды. Ұ. Құлымбетовтың қол қоюымен елге қайтып оралғандар 45 шаруашылыққа орналастырылып, оларға қажетті азық-түлік бөлгізілді [41].

Ұзақбай Желдірбайұлы елді аштықтан алып шығу үшін мал шаруашылығын қалпына келтіруде несиеге шетелден мал сатып алудың маңыздылығын ХКК-не жазған мәлімдемесінде баса көтерді. Бұдан кейін құпия түрде Қытайдан Зайсан мен қарқара жәрмеңкесіне және кері қарай Шығыс шекарасына саудагерлерді тарту арқылы малдарды сатып алу жолдарын көрсетіп берді [42]. Сөйтіп қайраткер 1935 жылдың қаңтарынан 1937 ж. Қазақ КСР ОАК төрағасы қызметін атқарған кезінде ауылшаруашылығын көтеруде малшаруашылығын дамытуда қыруар қызмет жасады.

Ұ. Құлымбетов 1937 жылдың 28 қазанында халық жауы ретінде айыпталып, КСРО ОАК-нің төрағалығынан аластатылғанға дейін ол аштықтың кесірінен Қазақстаннан тысқары жерлерге босып кеткен қазақтарды туған жерге қайтарумен айналысты.

Қайраткердің 1921-1922, 1931-1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылықты ауыздықтауға, сол алапат жылдары өзге республикалар мен шетелге босып кеткен қазақтарды қайтаруда қосқан үлесі мол. Болашақта бұл мәселенің зерттеушілер тарапынан қолға алынатындығы сөзсіз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] ҚР ПА. 141-к., 1-т., 11563-іс. 19-20-қайырм. п.
- [2] ҚР ПА. 141-к., 1-т., 11563-іс. 19 арт., 27-п.
- [3] ҚР ОМА. 30-к., 1-т., 352-іс. 33-33 қайыр. п.
- [4] ҚР ОМА. 30-к., 1-т., 352-іс. 51, 56-пп.
- [5] ҚР ОМА. 5-к., 5-т., 116 «а»-іс. 1-п.
- [6] ҚР ОМА. 30-к., 1-т., 688-іс. 12-п.
- [7] ҚР ОМА. 30-к., 1-т., 752-іс. 165-п.
- [8] ҚР ОМА. 30-к., 1-т., 752-іс. 191-п.
- [9] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 44-іс. 193-п.
- [10] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 44-іс. 193-п.
- [11] ҚР ПА. 141-к., 1-т., 11563-іс. 31-п.
- [12] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 151-іс. 122-п.
- [13] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 112-іс. 14-п.
- [14] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 113-іс. 52-53-пп.
- [15] ҚР ОМА. 30-к., 2-т., 787-іс. 32-33-пп.
- [16] ҚР ОМА. 30-к., 2-т., 787-іс. 6-п.
- [17] ҚР ОМА. 30-к., 2-т., 787-іс. 26-28-пп.
- [18] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-іс. 104-п.
- [19] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-іс. 101, 111-пп.
- [20] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-іс. 105-п.
- [21] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-іс. 101-п.
- [22] ҚР ПА. 141-к., 1-т., 7284-іс. 121-122-пп.
- [23] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 188-іс. 40-п.
- [24] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 151-іс. 139-п.
- [25] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-іс. 67-п.
- [26] ҚР ОМА. 30-к., 2-т., 1120-іс. 58-58 қайыр.-п.
- [27] ҚР ОМА. 5-к., 17-т., 213-іс. 1-5-пп.
- [28] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 178-іс. 6-п.
- [29] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-іс. 120-122-пп.
- [30] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-іс. 123-п.
- [31] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-іс. 125-п.
- [32] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-іс. 127, 129, 136-пп.
- [33] Нұрымбетова Г. Ораз Жандосов (монография). – Астана: Елорда, 2013. – 224 б.
- [34] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 18-іс. 25-26-пп.
- [35] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-іс. 39, 40-42-пп.
- [36] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 178-іс. 19-п.
- [37] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 178-іс. 10-п.
- [38] ҚР ОМА. 5-к., 21-т., 200-іс. 14-п.
- [39] ҚР ОМА. 5-к., 21-т., 200-іс. 13-п.
- [40] ҚР ОМА. 5-к., 21-т., 200-іс. 16-п.
- [41] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 151-іс. 178-п.
- [42] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 179-іс. 2-п.

REFERENCES

- [1] ҚР ПА. 141-к., 1-т., 11563-іс. 19-20-қайырм. п.
- [2] ҚР ПА. 141-к., 1-т., 11563-іс. 19 арт., 27-п.
- [3] ҚР ОМА. 30-к., 1-т., 352-іс. 33-33 қайыр. п.
- [4] ҚР ОМА. 30-к., 1-т., 352-іс. 51, 56-пп.
- [5] ҚР ОМА. 5-к., 5-т., 116 «а»-іс. 1-п.
- [6] ҚР ОМА. 30-к., 1-т., 688-іс. 12-п.
- [7] ҚР ОМА. 30-к., 1-т., 752-іс. 165-п.
- [8] ҚР ОМА. 30-к., 1-т., 752-іс. 191-п.
- [9] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 44-іс. 193-п.
- [10] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 44-іс. 193-п.
- [11] ҚР ПА. 141-к., 1-т., 11563-іс. 31-п.
- [12] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 151-іс. 122-п.
- [13] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 112-іс. 14-п.

- [14] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 113-ис.52-53-pp.
- [15] ҚР ОМА. 30-к., 2-т., 787-ис.32-33-pp.
- [16] ҚР ОМА. 30-к., 2-т., 787-ис.6-р.
- [17] ҚР ОМА. 30-к., 2-т., 787-ис.26-28-pp.
- [18] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-ис. 104-р.
- [19] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-ис. 101, 111-pp.
- [20] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-ис. 105-р.
- [21] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-ис. 101-р.
- [22] ҚР ПА. 141-к., 1-т., 7284-ис. 121-122-pp.
- [23] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 188-ис.40-р.
- [24] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 151-ис.139-р.
- [25] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-ис.67-р.
- [26] ҚР ОМА. 30-к., 2-т., 1120-ис. 58-58 қажыр.-р.
- [27] ҚР ОМА. 5-к., 17-т., 213-ис.1-5-pp.
- [28] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 178-ис. 6-р.
- [29] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-ис. 120-122-pp.
- [30] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-ис. 123-р.
- [31] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-ис. 125-р.
- [32] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-ис. 127, 129, 136-pp.
- [33] Нұрымбетова Г. Ораз Zhandosov (monografija). – Astana: Elorda, 2013. – 224 б.
- [34] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 18-ис. 25-26-pp.
- [35] ҚР ОМА. 30-к., 8-т., 12-ис. 39, 40-42-pp.
- [36] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 178-ис. 19-р.
- [37] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 178-ис. 10-р.
- [38] ҚР ОМА. 5-к., 21-т., 200-ис.14-р.
- [39] ҚР ОМА. 5-к., 21-т., 200-ис.13-р.
- [40] ҚР ОМА. 5-к., 21-т., 200-ис.16-р.
- [41] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 151-ис.178-р.
- [42] ҚР ОМА. 30-к., 7-т., 179-ис.2-р.

С. О. Смагулова, А. П. Ермухамедова

Заместитель директора Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова,
доктор исторических наук, Алматы, Казахстан,
Ученый секретарь Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова, доктор PhD,
Алматы, Казахстан

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ У. КУЛУМБЕТОВА ПО ЛИКВИДАЦИИ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. Статья посвящена общественно-политической деятельности государственного деятеля Узакбая Кулумбетова в период голода 1921-1922 и 1931-1933 гг. в Казахстане. Авторы на основе данных архивных документов дают анализ его руководящей и организационной работы в борьбе с голодом. В исследовании освещены результаты различных мероприятий, проведенных правительством против голода и распространения эпидемических заболеваний. В ходе изыскания были привлечены написанные У. Кулумбетовым в высшие инстанции письма, в которых затрагивались проблемы снабжения голодающих продовольствием, возвращения беженцев на родину и их размещения.

Вместе с тем, авторами рассмотрены вопросы, связанные с последующей деятельностью Кулумбетова в борьбе с последствиями голода и восполнением поголовья скота в республике.

Ключевые слова: деятель, борьба с голодом, губерния, республика, беженцы, сельскохозяйство, эпидемия, правительство, детский дом, беспризорники.

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 10.10.2017.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

15,4 п.л. Тираж 2000. Заказ 5.